



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

### ТАՒІРЛІК ТАНҮМ коллекциялық монеталарын айналымға шығару туралы

Астана қ.

2023 жыл, 1 қараша

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) **2023 жылғы 1 қарашада** «Жаратылыс сырлары» монеталар сериясынан ТАՒІРЛІК ТАНҮМ коллекциялық монеталарын айналымға шығарады.

Монеталар **2023 жылғы 3 қарашадан** бастап ҚҰБ-тың <https://kazcoins.nationalbank.kz> интернет-дүкені арқылы сатылады.

### ТАՒІРЛІК ТАНҮМ коллекциялық монеталары туралы

**ТАՒІРЛІК ТАНҮМ** монетасының дизайны тамыры – жер торлап, тәжі – аспан тіреп тұратын қиял-ғажайып өмір ағашы – «Бәйтерек» туралы аңызды бейнелейді. Ағаш басында тұратын қасиетті құс – Самұрық пен теректің тамырын мекен еткен Айдаһар – жаз бен қыс, күн мен түн алмасуының, жақсылық пен жамандық арпалысының мәңгілік нышаны.

ТАՒІРЛІК ТАНҮМ жиынтық коллекциялық монетасы тантал қондырмасы бар күрделі технологиямен жасалған. Күміс сынамасы – 925/1000. Монетаның жалпы массасы 162,2 грамм, диаметрі 50 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы 500 теңгелік, дайындау таралымы – 500 (бес жүз) дана.

### ТАՒІРЛІК ТАНҮМ монетасының бейнесі



Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында белгіленген құнына сай төлемнің барлық түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуға, аударуға, ұсақталуға және айырбасталуға жатады.

Коллекциялық монеталар Қазақстанның Теңге сарайында дайындалды.

Пайдаланушы үшін «Қазақстан монеталары» **мобильді қосымшасы** да жұмыс істейтінін еске сала кетейік. Онда монеталарға қысқаша сипаттама беріліп, сериялар бойынша тақырыптық бөлімдерге бөлінген. Яғни, ҚҰБ шығаратын монеталар туралы ақпарат толықтай қамтылған. Жекелеген монеталар бойынша бейнероликтерге, монеталардың 3D-суреттеріне, сондай-ақ толықтырылған шынайылық элементтеріне сілтеме берілген.

Мобильді қосымшаны [PlayMarket](#) пен [AppStore](#) дүкендерінен қосымша жүктеуге болады.



**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:**

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)